



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті» КЕАҚ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ КҮРЕС

САЯСАТЫ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының, Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Қоғам, Университет) Жарғысы мен өзге де ішкі нормативтік актілері мен құжаттарының негізінде әзірленген және Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді жүйесін құруға, қызметкерлердің, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыруға бағытталған.

Осы Саясат Университеттегі сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін, сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу қағидаттары мен ұйымдастырылуын, процеске қатысушыларды, олардың міндеттері, функциялары, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін, сондай-ақ үшінші тұлғалармен, соның ішінде жеке және заңды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен және олардың өкілдерімен қарым-қатынастардағы тәртіпті айқындайтын Қоғамның негізгі құжаты болып табылады.

Университет өз қызметінде сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады. Бұл Саясат сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алуға басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ олардың салдарларын барынша азайтуға бағытталған шараларды айқындайды.

Саясатта белгіленген талаптар барлық қызметкерлердің (Университеттің профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқару персоналы, білім алушылары) танысуы және сақтауы үшін міндетті болып табылады.

Бұл Саясат Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі нормативтік актілерін және өзге де құжаттарын әзірлеу мен қабылдаудың негізі болып табылады.

МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қоғамға Саясатты енгізудің негізгі мақсаттары мыналар:

- 1) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарымен байланысты теріс үдерістер мен құбылыстардан қорғауды қамтамасыз ету, азаматтардың Қоғам қызметіне деген сенімін нығайту;
- 2) лауазымына қарамастан Қоғам қызметкерлерінің, білім алушылардың, контрагенттердің және өзге де тұлғалардың Саясатты біркелкі түсінуін, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністері мен түрлерін қабылдамауын, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыру;
- 3) Қоғамның, оның қызметкерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылу қаупін барынша азайту;
- 4) сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының негізгі талаптарын жинақтау және түсіндіру.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғамда Саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:

- 1) Университетте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және оларға қарсы күресудің негізгі қағидаттары мен ережелерін белгілеу;
- 2) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуға және Университеттің, оның қызметкерлері мен білім алушыларының сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысу қаупін азайтуға бағытталған тиімді тетіктерді, рәсімдерді, бақылауды және басқа да шараларды жасау

- 3) Университет жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың, стандарттар мен рәсімдердің тізімін, сондай-ақ оларды іске асыру тәртібін белгілеу;
- 4) сыбайлас жемқорлық тудыратын факторларды және Саясатты іске асыру шараларының тиімділігін бақылау;
- 5) Университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың бірыңғай стандартын қоса алғанда, этикалық мінез-құлық мәдениетін және сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру;
- 6) Университет қызметінің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарды стратегиялық және жедел басқаруға интеграциялау;
- 7) Университет ұсынатын білім беру қызметтерін басқару тиімділігін, сапасы мен қолжетімділігін арттыру;
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- 9) азаматтар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықты тудыратын факторлар туралы ақпаратқа қол жеткізу, сондай-ақ олар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында еркін хабарлау құқықтарын жүзеге асыруға ықпал ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға қатысы бар адамдарға жаза қолдану.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қоғамның бірыңғай саясатын жүргізу;
- 2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жоспарлау, жүргізу және талдау;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылының тиімді тетігін құру;
- 4) қызмет көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету;
- 5) басқару жүйесінің ашықтығын, Қоғамның қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді, дұрыс деректер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету;
- 6) білім беру процесіне қатысушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру мақсатында құқықтық пәндерді оқыту.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Университеттің өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы:

- кез келген нысандағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге төзбеушілікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл саласындағы корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

- осы Саясаттың ережелері мен талаптарын университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушыларына жеткізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін университет қызметінің бағыттары:

- сыйлықтар және өкілдік шығындар;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;
- персоналды басқару;
- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

Қоғам қызметкерлерінің қызметіндегі мүдделер қақтығысын уақтылы анықтау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Қоғам мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің алдын алуға және оларды шешуге ерекше назар аударады.

Университеттегі мүдделер қақтығысы — университет қызметкерінің жеке мүддесі оның лауазымдық міндеттерін объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай. Мұндай жағдай университеттің, үшінші тұлғалардың не мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін.

Қызметкердің жеке мүддесі деп оның лауазымдық міндеттерін орындау барысында үшінші тұлғалардан өзі немесе басқа адамдар үшін ақша, бағалы заттар, өзге де мүлік, мүліктік сипаттағы қызметтер немесе басқа да мүліктік құқықтар арқылы табыс алу мүмкіндігі. Бұл жағдай қызметтік міндеттердің тиісті деңгейде орындалуына әсер етуі мүмкін.

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер өз міндеттерін атқару кезінде Қоғамның мүддесін басшылыққа алып, жеке мүдделері Қоғам мүддесіне қайшы келетін жағдайлардан аулақ болуы тиіс. Мүдделер қақтығысы туындаған немесе оның туындау қаупі болған жағдайда, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер бұл туралы жазбаша түрде тікелей басшысына немесе жоғары тұрған басшылыққа, сондай-ақ Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне хабарлауға міндетті.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық немесе қызметтік емес өзге де мүдделер үшін пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге жол бермеу мақсатында, аталған тұлғалар келесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауға міндеттенеді:

- жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірге қызмет атқаруына жол бермеу;
- қызметтік және басқа да жарияланбайтын ақпаратты мүліктік немесе мүліктік емес артықшылықтар алу үшін пайдаланбау;
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеттерді (немесе әрекетсіздікті) жасағаны үшін, не өз лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын жағдайда, оларды ұсынған тұлғалардың пайдасына материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер қабылдамау.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін әрекеттер үшін немесе әрекетсіздікке ықпал етуге байланысты сыйақы, сыйлық немесе қызмет қабылдамау.

ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫНА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ

Ішкі нормативтік құжаттар мен олардың жобаларын талдау әзірлеушінің жеткілікті негізделмеген жобаны жасыруға, оны қолдап өткізуге (лоббилеуге) немесе өздерінің шынайы мақсаттары жөнінде қоғамды жаңылыстыруға бағытталған ниетінің бар-жоғын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу барысында төмендегі мәселелерге ерекше назар аудару қажет:

- ішкі нормативтік құжат жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған өзге де нормативтік құқықтық актілермен немесе халықаралық шарттармен, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен сәйкестігі;
- құжат жобасын қабылдаудан пайда көруі мүмкін субъектілердің болуы және олардың мұндай пайданы қандай жолмен алуы мүмкін екендігі;
- ішкі нормативтік құжат жобасы ықпал етуі мүмкін тұлғалар (субъектілер) және осы ықпалдың түрлері;
- ішкі нормативтік құжат жобасының қаржылық негіздемесінің болуы;
- ішкі нормативтік құжатта берілген құқықтар Қоғам үшін жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін немесе әкелген өзге де жағдайлар.

ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

Сенімнің жоғары деңгейін сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және олардың жолын кесу мақсатында Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «сенім телефоны» (жедел желі) жұмыс істейді.

«Сенім телефонына» хабарласу арқылы қоғамның кез келген қызметкері, контрагенті немесе өзге де тұлға өзіне қолайлы тәсілмен, соның ішінде құпиялылық немесе жасырындық (анонимдік) шарттарында өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары, мүдделер қақтығысы, Саясат талаптарының бұзылуы туралы, сондай-ақ өзінің іс-әрекеттерінің немесе басқа қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, өкілдердің, контрагенттердің не қоғаммен өзара әрекеттесетін өзге тұлғалардың әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) Саясаттың қағидаттары мен талаптарына сәйкес келетініне қатысты алаңдаушылығы немесе күмәні жөнінде хабарлай алады.

«Сенім телефонының» байланыс деректері университеттің ресми интернет-сайтында, ақпараттық стендтерде және өзге де көпшілікке қолжетімді орындарда орналастырылады.

ҚАРЫМТА ШАРАЛАР МЕН САНКЦИЯЛАРДАН БАС ТАРТУ

Қоғам өз қызметкерлері мен өкілдерінің ешқайсысы сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекеттер немесе алаяқтық фактілері туралы, сондай-ақ қоғам қызметкерлері немесе қоғаммен өзара іс-қимыл жасайтын өзге тұлғалар тарапынан жасалған заңсыз әрекеттер жөнінде хабарлағаны үшін қандай да бір санкцияларға ұшырамайтынына кепілдік береді. Мұндай санкцияларға жұмыстан шығару, лауазымын төмендету, ынталандыру төлемдерінен айыру және өзге де жазалау шаралары жатады. Бұл кепілдік, сонымен қатар, қызметкер пара беруден немесе алудан, коммерциялық парақорлық жасауға қатысудан не парақорлықта делдал болудан бас тартқан жағдайларға да қолданылады.

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қатысты немесе алаяқтық белгілері бар құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлға өз құпиялылығын сақтауды қалаған жағдайда, оған қандай да бір жағымсыз салдарлардың туындауына жол бермеу мақсатында ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ФАКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАРАУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Қоғамға кез келген байланыс арналары арқылы келіп түскен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе Саясат талаптары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты өзге де нормативтік құжаттардың бұзылуы туралы бар немесе болжамды ақпаратты қарауды және жан-жақты тексеруді қамтамасыз етеді. Мұндай ақпаратқа, соның ішінде, «сенім телефоны» арқылы келіп түскен хабарламалар, комплаенс қызметінің лауазымды тұлғаларының назарына жеткізілген мәліметтер, сондай-ақ Қоғамда жүргізілген ішкі немесе сыртқы аудит нәтижесінде алынған ақпарат жатады.

Қоғам аталған қызметтік тексерулерді жүргізу үшін қажетті рәсімдерді енгізеді, тиісті жергілікті нормативтік актілерді қабылдайды және тексеру жүргізетін тұлғаларды барлық қажетті өкілеттіктермен әрі ресурстармен қамтамасыз етеді. Соның ішінде олардың басқа лауазымды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз әрекет етуі қамтамасыз етіледі.

Қызметтік тексеру нәтижесінде ақпарат расталған және қоғам үшін жағымсыз салдардың алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылданған жағдайда, құқық қорғау органдарына жолданған материалдарды қоспағанда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ұсынуы бойынша тексеру қорытындысы негізінде шешім қабылдауға уәкілетті тұлғалар сыбайлас жемқорлық белгілері бар заңсыз әрекеттер немесе алаяқтық фактілері туралы ашық түрде хабарлаған адамдарды ынталандыру шараларын қолдануы мүмкін.

АУДИТ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

Қоғамда қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі аудит жүргізіледі, бухгалтерлік есепте деректердің толық әрі дұрыс көрсетілуіне, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарының және ішкі нормативтік құжаттардың, оның ішінде Саясатта белгіленген қағидаттар мен талаптардың сақталуына бақылау жүзеге асырылады.

Қоғамда ішкі бақылау рәсімдері аясында қызметтің негізгі бағыттары бойынша тексерулер жүргізіледі, оның ішінде жүзеге асырылатын төлемдердің заңдылығына, олардың экономикалық негізділігіне, шығындардың мақсатқа сай болуына, сондай-ақ бастапқы есепке алу құжаттарымен расталуына және Саясат талаптарына сәйкестігіне қатысты ішінара тексерулер жүзеге асырылады.

ҚОҒАМДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ

Қоғам осы Саясатты корпоративтік интернет-ресурста еркін қолжетімді түрде орналастырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қағидатын ұстанатынын ашық мәлімдейді, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарының барлық контрагенттер, қызметкерлер, жұмыскерлер және өзге де тұлғалар тарапынан сақталуын қолдайды әрі ынталандырады.

Қоғам компания Саясаты мәселелері бойынша қызметкерлердің хабардар болуын қамтамасыз етуге және Саясатты тәжірибеде қолдану тәсілдері мен әдістерін меңгеруіне ықпал ету мақсатында ақпараттандыру және жүйелі оқыту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жағдай жасайды.

СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР

Сыйлықтарды қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдаған лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын басшылыққа алуы тиіс.

Қоғам атынан басқа тұлғалар мен ұйымдарға берілетін сыйлықтар, сондай-ақ Қоғамдағы еңбек қызметіне байланысты қызметкерлердің ұйымдардан және өзге де тұлғалардан алатын сыйлықтары, сол сияқты өкілдік шығындар, оның ішінде іскерлік қонақжайлылыққа және Қоғамды ілгерілетуге арналған шығындар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

- қоғам қызметінің заңды мақсаттарымен тікелей байланысты болуы;
- негізді, орынды және мөлшерлес болуға, сондай-ақ қымбат сән-салтанат бұйымдары санатына жатпау;
- сыйлықтар немесе өкілдік шығындар туралы ақпарат жарияланған жағдайда Қоғам қызметкерлері мен өзге де тұлғалардың беделіне нұқсан келу тәуекелдерін туғызбау;
- Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, Қоғамның Саясаты мен өзге де ішкі нормативтік актілерінің қағидаттары мен талаптарына қайшы келмеу;
- қандай да бір әрекет (қызмет көрсету, әрекетсіздік, жол беру, қамқоршылық жасау, құқық беру, мәміле немесе келісім бойынша белгілі бір шешім қабылдау, мүдделерді ілгерілету) үшін айқын немесе жасырын сыйақы болып табылмауға, сондай-ақ сыйлық алушының назарын аударуға немесе оған ықпал етуге бағытталған әрекеттер болмауға тиіс.

Сыйлықтарға жол берілмейді:

- Қоғамның немесе оның қызметкерлерінің атынан қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша ақша қаражаты түрінде, сондай-ақ кез келген нысандағы олардың баламасы түріндегі сыйлықтар беруге;
- зияткерлік меншік объектілерін қоспағанда, бағынысты тұлғадан жоғары тұрған басшылыққа сыйлықтар беруге;
- зияткерлік меншік объектілерін қоспағанда, студенттер, магистранттар, докторанттар тарапынан Университеттің профессор-оқытушылар құрамына сыйлықтар беруге.

Емтихан сессиясы кезеңінде студенттердің, магистранттар мен докторанттардың Университеттің профессор-оқытушылар құрамы үшін түрлі фуршеттер, дастарқандар және өзге де іс-шаралар ұйымдастыруына тыйым салынады.

Қоғамның атынан және оның мүддесінде мемлекеттік қызметшіге, лауазымды тұлғаға, басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғаға ақша қаражатын, бағалы қағаздарды, өзге де мүлікті беру, ұсыну немесе уәде етуге, сондай-ақ оған мүліктік сипаттағы қызметтер көрсетуге, мүліктік құқықтар беруге, аталған тұлғаның қызметтік жағдайына байланысты оның мүддесінде әрекет (әрекетсіздік) жасауы үшін тыйым салынады.

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Қоғам лауазымды тұлғаларға, қызметкерлерге, және өкілдерге үшінші тұлғалар немесе әріптестердің тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы жоғары тұрған басшылықты немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін қауіпсіз, құпия және қолжетімді түрде хабардар ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру мақсатында жаңа қызметкерлер үшін Саясаттың және онымен байланысты құжаттардың ережелері бойынша кіріспе нұсқама жүргізіледі.

Қоғамның кез келген қызметкері немесе өзге де тұлға өз әрекеттерінің заңдылығына не Қоғаммен өзара іс-қимыл жасайтын басқа қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, өкілдердің, контрагенттердің немесе өзге де тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) заңдылығына қатысты алаңдаушылық немесе күмән туындаған жағдайда, бұл туралы өзінің тікелей басшысына немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне хабарлай алады.

Қоғам коммерциялық артықшылықтар алу немесе жалпы қамқорлыққа қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларына сондай-ақ олардың жақын туыстарына (не олардың мүддесіне) қандай да бір шығындарды төлеуге жол бемейді. Мұндай шығындарға көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, жарнама шығындары, сондай-ақ олардың Қоғам есебінен өзге де кез келген пайда алу жатады.

Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне мемлекеттік қызметшіні мүдделер қақтығысы жағдайына әкелуі мүмкін кез келген ұсыныстар жасауға жол берілмейді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қоғам (оның қызметкерлері) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары фактілері туралы тиісті құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлау жөнінде жария міндеттеме қабылдайды.

Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында құқық қорғау және уәкілетті мемлекеттік органдармен келесі мақсаттарда ынтымақтасады:

- сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқық бұзушылықтар фактілері туралы хабарлау;
- сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқық бұзушылықтарды тергеу барысында жәрдем көрсету;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға қатысы бар тұлғаларды және олардың орналасқан жерін анықтау.
- сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша қызметті үйлестіру;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттер нәтижесінде алынған мүлікті анықтау;
- Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексерулер жүргізу кезінде бақылау-қадағалау және құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне жәрдем көрсету;
- Құқық қорғау органдарының уәкілетті өкілдеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау және тергеу, оның ішінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде жолын кесу және тергеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жәрдем көрсету.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Университеттің барлық қызметкерлері, атқаратын лауазымына қарамастан, сондай-ақ білім алушылар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға, сондай-ақ өздеріне бағынысты тұлғалардың осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін дербес жауапты болады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қоғамның қызметкерлері мен білім алушылар, олардың әрекеттерінде әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, әкімшілік және қылмыстық заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бекітілген Саясат Қоғамның барлық қызметкерлерінің, оның ішінде жұмысқа жаңадан қабылданатын қызметкерлердің назарына жеткізіледі және жарғылық қызметті жүзеге асыру кезінде міндетті түрде қолданылады.

Қоғамда осы Саясаттың ережелерінің сақталуына және жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігіне жүйелі мониторинг жүргізіледі.

Осы Саясатты қайта қарау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті негіздер болған кезде жүзеге асырылады.